

МАЗМҰНЫ


1. ХТЖМУ 2023-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бойынша үлгерімі
2. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар
3. Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар
4. «Bulletin of the International University of Tourism and Hospitality» ғылыми журналы
5. Жас ғалымдар кеңесінің жұмысы
6. 2025 жылы өткізілген ғылыми іс-шаралар
7. Жоспар

1. ХТЖМУ 2023-2029 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ БОЙЫНША ҮЛГЕРІМІ

ХТжМУ 2023-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бойынша 2025 жылдың үлгерімі төмендегідей:

1. Scopus және/немесе WoS базаларында индекстелген журналдардағы жарияланымдар саны: жоспар – 13, орындалған – 25;
2. ҚР ҒжЖБМ ҒЖБССҚК ұсынылған журналдарда жарияланған ғылыми мақалалар: жоспар – 20, орындалған – 92;
3. Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру бойынша ұтып алынған жаңа жобалардың саны: жоспар – 3, орындалған – 5;
4. Монографиялар, оқулықтар, оқу құралдарының саны: жоспар – 10, орындалды – 31 (монография – 8, оқулық – 11, оқу құралы – 8, оқу-әдістемелік құралы – 4);
5. Мектеп базасында ғылыми-зерттеу зертханаларын ашу: жоспар – 1, орындалды – 1.

2024 және 2025 жылдарға арналған Университеттің 2023–2029 жылдарға арналған даму бағдарламасы іс-шаралары жоспарының салыстырмалы талдауы.



2. ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ЖОБАЛАР

1. 2025-2027 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландырудың неғұрлым перспективалы жобаларын гранттық қаржыландыру конкурсынан «HubTur.kz – бірегей маршруттар мен іс-шараларды іздеу мен брондауды жеңілдететін туристік қызметтерді дамытуға арналған кешенді цифрлық платформа» атты жоба 349 870 626,23 теңге қаржыландыру ұтып алды.

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым Комитеті жариялаған 2025-2027 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурсына Университетімізден 11 жоба ұсынылып, 3 жоба ҰҒК қарауынан өтіп, жұмыс жүргізілуде. Олар:

№	ЖТН	Ғылыми жоба атауы	Ғылыми жетекші	Сұратылған қаржы, тг
1	AP26100839	Туризм саласының мамандарына шет тілін оқытуда геймификацияны қолдану арқылы иммерсивті білім беру ортасын педагогикалық жобалау	Нышанова Салтанат Тыныбековна	89 213 600
2	AP26103507	Түркістан өңірінің қалалық мәдениеті әлеуметтік-мәдени эволюция және трансформация контекстінде (XVIII – XXI ғасырдың басы): дәстүрлі қаладан қазіргі заманға дейін	Динашева Лазат Сарсенбековна	88 866 846
3	AP26105447	Түркістан облысының тарихи-мәдени және археологиялық ескерткіштері мәдени-тарихи туризмді дамыту контекстінде және олардың цифрландырылуы	Сандыбаева Акмарал Даировна	85 127 246

3. 2025-2027 жылдарға арналған ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурсына 1 жоба ұсынылды. Қазіргі таңда ҰҒК қарауынан өтіп, жұмыс жүргізілуде.

№	ЖТН	Ғылыми жоба атауы	Ғылыми жетекші	Сұратылған қаржы, тг
1	BR28713129	Қазақстанға ислам дінінің енуін және таралуын археологиялық және жазба деректер негізінде зерттеу	Қожа Мұхтар Бақадырұлы	441 443 072

4. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым Комитеті жариялаған 2026-2028 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша жас ғалымдарды гранттық қаржыландыруға арналған конкурсына 1 жоба ұсынылып, ресми тексерілуде:

№	ЖТН	Ғылыми жоба атауы	Ғылыми жетекші	Сұратылған қаржы, тг
1	AP32321675	Smart city тұжырымдамасы мен жасанды интеллект технологиялары негізінде Түркістан қаласының сандық және мәдени брендингін қалыптастырудың инновациялық модельдері	Нахипбекова Сымбат Абдраимқызы	55 235 568

5. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым Комитеті жариялаған 2026-2028 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурсына Университетімізден 5 жоба ұсынылып, ресми тексерілуде. Олар:

№	ЖТН	Ғылыми жоба атауы	Ғылыми жетекші	Сұратылған қаржы, тг
1	AP32724161	Гастрономиялық туризм өнімдерін халықаралық нарыққа жылжыту стратегиялары	Тагманов Урманбек Сарманович	40 555 892
2	AP32731279	Агротуризмге цифрлық технологияларды интеграциялау: инновациялық ортаны қалыптастыру және туристік ағындардың тиімділігін арттыру	Алимкулова Эльвира Сихимовна	58 788 922
3	AP32730983	Қазақтың ұлттық қонақжайлылық стандартын қалыптастыру: туризм саласындағы қызмет көрсету сапасын арттырудың инновациялық тетіктері	Мустафаева Багила Усенбаевна	33 385 164
4	AP32727819	Нақты уақыт режимінде компьютерлік көру әдістері мен жекелендірілген кері байланыс негізінде физикалық жаттығуларды бақылауға арналған интеллектуалды жүйе құру	Омаров Бахытжан Султанович	110 000 000
5	AP32722831	«Білім алушы – Жасанды интеллект – Оқытушы» заманауи үштік экожүйесіне негізделген туризм және меймандостық саласы студенттеріне кәсіби ағылшын тілін оқытудың жасанды интеллектке бейімделген оқу-әдістемелік моделі.	Мейрбеков Акылбек Кайратбекович	79 600 000

6. Университет тарапынан қаржыландырылатын ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар тақырыптары:

№	Ғылыми жоба атауы	Ғылыми жетекші	Орындалу мерзімі	Сұратылған қаржы, тг
1	Ұлттық қазақ қонақжайлық қызметінің стандартының жобасын әзірлеу	Алимкулова Эльвира Сихимовна	2025-2026 ж.	3 000 000
2	Туризм саласындағы кадр тапшылығы мәселесін шешудің экономикалық аспектілері және мамандар даярлау жүйесін жаңғырту: туристік компаниялар (туроператорлар) мен білім беру ұйымдарының өзара іс-қимыл моделін әзірлеу	Нахипбекова Сымбат Абдраимқызы	2025-2027 ж.	6 971 320

7. Түркістан облысы әкімінің жанындағы ғылыми кеңес отырысының хаттамасына (12 мамыр 2025 ж., №2) сай, Халықаралық туризм және меймандостық университетімен келісім аясында өңірдің туризм саласындағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталған қажетті ғылыми жобаларды ұсыну мақсатында жұмыс тобы құрылды. Университет тарапынан келесі басым бағыттар бойынша өңірдің туризм саласын дамытуға арналған келесі ғылыми жобалар ұсынылды:

№	Ғылыми жоба атауы	Ғылыми жетекші	Орындалу мерзімі	Сұратылған қаржы, тг
1	«Түркістан» энциклопедиясы	Динашева Лазат Сарсенбековна	2026 – 2027 жыл, 24 ай.	90 000 000
2	Мүдделі тараптарды тарту арқылы Түркістандағы тұрақты туризмді интеграциялау.	Губаренко Анастасия Вячеславовна	2026 – 2028 жыл, 35 ай.	53 735 268
3	Экскурсия қызметі мамандарын даярлауға арналған «Мәдениетаралық жүргізуші» білім беру алаңын әзірлеу	Абдикаримова Мадина Нурбулатовна	2026 – 2028 жыл, 35 ай.	83 688 093
4	Қазіргі таңдағы этносаралық татулықты қамтамасыз етуде және қақтығыстарды шешуде діннің ролі (Түркістан облысы мысалында)	Нурматов Жахангир Ешметович	2026 – 2028 жыл, 35 ай.	70 411 350

5	Тұрақты туризм жағдайында ақылды қалаларды брендтеу: туристерді тартудың инновациялық стратегиялары мен тәжірибелері (Түркістан қаласының мысалында)	Нахипбекова Сымбат Абдаимовна	2026 -2028 жыл, 35 ай.	53 297 702
6	Түркістан қаласы туристік кластерін дамыту: гигиена және санитариялық мәдениетті қалыптастыру	Абдрасилов Турганбай Курманбаевич	2026 жыл, 12 ай.	47 000 000

3. ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕЛІК-КОНСТРУКТОРЛЫҚ ЖҰМЫСТАР

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығының 2.4 Доктор философиясы (PhD) және бейіндік доктор дәрежелерін беру арқылы кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыру мақсатында 2 Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды орындау жөніндегі келісім шарт түзілді. Олар:

№	Ғылыми жоба атауы	Ғылыми жетекші	Тапсырыс беруші
1	Түркістан қаласындағы туристік компания қызметтерінің сапасына клиенттердің қанағаттану деңгейін бағалау	Батырова Н.Т.	ИП турагентство «Pinguin Travel»
2	Влияние международного образовательного туризма на профессиональное развитие студентов	Абишов Н.У.	ИП «ACADEMIC BILIM RESEARCH CENTRE»

4. «BULLETIN OF THE INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY» ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

«Bulletin of the International University of Tourism and Hospitality» – туризм, қонақжайлылық және оларға іргелес салалар бойынша ғылыми-зерттеу нәтижелерін жариялайтын мамандандырылған басылым. Журнал жылына 4 рет жарық көреді.

2025 жылдан бастап ғылыми мақалаларды жариялау құны орта есеппен 35 000 теңге көлемінде белгіленді. Аталған сома мақаланы жариялауға байланысты редакциялық және техникалық шығындарды қамтиды.

2025 ж. I шығарылым (№ I(7), наурыз)

- Жарияланған мақалалар саны: 21
- Қазақ тілінде – 6
- Ағылшын тілінде – 11
- Орыс тілінде – 4
- Жалпы авторлар саны: 67
- Шетелдік авторлар: 4

- Халықаралық туризм және меймандостық университетінен (аффилиирленген): 24

- Басқа жоғары оқу орындарынан (аффилиирленбеген): 39

2025 ж. II шығарылым (№ II(8), маусым)

- Жарияланым мәртебесі: Вёрстка кезеңінде (жариялану мерзімі – 2025 ж. 30 маусым)

- Жоспарланған мақала саны: 20

- Қазақ тілінде – 7

- Ағылшын тілінде – 12

- Орыс тілінде – 1

- Жалпы авторлар саны: 68

- Шетелдік авторлар: 3

- Аффилиирленген авторлар (ХТМУ): 22

- Аффилиирленбеген авторлар (басқа ЖОО-лардан): 43

2025 ж. III шығарылым — № III (9), қыркүйек

- Жарияланған мақалалар саны: 16

- Қазақ тілінде – 4

- Ағылшын тілінде – 8

- Орыс тілінде – 4

- Жалпы авторлар саны: 56

- Шетелдік авторлар: 1

- Аффилиирленген авторлар (ХТМУ): 23

- Аффилиирленбеген авторлар (басқа ЖОО-лардан): 33

2025 ж. IV шығарылым — № IV (10), желтоқсан

- Жарияланған мақалалар саны: 17

- Қазақ тілінде – 8

- Ағылшын тілінде – 7

- Орыс тілінде – 2

- Жалпы авторлар саны: 63

- Шетелдік авторлар: 3

- Аффилиирленген авторлар (ХТМУ): 25

- Аффилиирленбеген авторлар (басқа ЖОО-лардан): 38

Сапа және талаптарға сәйкестік бойынша атқарылған жұмыстар

2025 жылғы тамыз айында журналды Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдардың 2-тізіміне енгізуге ресми өтінім берілді.

Комитеттің ғылыми журналдарға қойылатын талаптарына сәйкестігіне байланысты журналда 2025 жылғы қаңтар айынан бастап жарияланған барлық материалдар ғылыми басылымдардың 2-тізіміне енгізілді. Аталған нәтижеге қол жеткізу мақсатында журнал редакциясы тарапынан талаптарды орындауға бағытталған бірқатар жүйелі және кешенді жұмыстар жүргізілді.

ҚР ҒЖЖБМ ҒЖБССҚК талаптарының бірі болып табылатын ғылыми журналдың **импакт-факторы** (ғылыми ортада дәйексөз келтірілуі және репозиторийлерде таралуы) бойынша жұмыстар жүргізіліп, импакт-фактор қолмен есептелді, сондай-ақ қажетті ғылыми репозиторийлермен келісімшарттар жасалды.

Сонымен қатар:

- шетелдік рецензенттерді тарту тетіктері күшейтілді;
- рецензенттер мен редакциялық алқа мүшелерінің **Хирш индексінің 2-ден жоғары болуы** талаптары нақтыланып, қайта қарастырылды;
- авторлардың, рецензенттердің және редакциялық алқа мүшелерінің **географиялық әртүрлілік көрсеткіштері** қолданыстағы талаптарға сәйкестендірілді.

Нәтижесінде авторлар географиясының кеңеюі мен мақалалар тақырыптарының әртараптандырылуы журнал сапасының артуына оң ықпал етті. Сонымен қатар шетелдік зерттеушілердің қатысуы және басқа жоғары оқу орындарымен серіктестік байланыстардың кеңеюі журналдың ғылыми беделін арттырды.

Мемлекеттік тілдегі ғылыми контентті арттыру

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарына мемлекеттік тілдегі ғылыми және қызметтік құжат айналымының үлесінің төмендеуіне байланысты **қазақ тіліндегі ғылыми контентті арттыру жөнінде тапсырма** берген болатын.

Осыған сәйкес журналдың редакциялық саясатына **жыл ішінде жарияланатын қазақ тіліндегі мақалалардың үлесі кемінде 30% болуы тиіс** деген талап енгізілді.

2025 жылы журналда жарияланған **74 мақаланың 25-і қазақ тілінде жарық көріп**, қазақ тіліндегі жарияланымдар үлесі **33%-ды** құрады. Осылайша, Министрлік қойған талап толық көлемде орындалды.

Импакт-фактор және дәйексөз жүйесі

Ғылыми журналдар үшін импакт-факторды есептейтін уәкілетті ұйым ретінде «**Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы**» АҚ (НЦГНТЭ)-мен келісімшарт жасалды.

Отандық ғылыми басылымдардың сілтемелері мен таралымын есепке алу мақсатында НЦГНТЭ тарапынан **Қазақстандық ғылыми дәйексөз индексі (КазИНЦ) платформасы** құрылды. Журнал аталған порталда тіркеліп, құрылған күнінен бастап жарияланған барлық мақалалар толық көлемде жүйеге енгізілді.

Аталған платформа журнал редакциясына алдағы даму кезеңдерінде журналдың дәйексөздері мен таралымын қолмен жинау көлемін едәуір қысқартуға, сондай-ақ ғылыми көрсеткіштерді есепке алу және талдау үдерістерін автоматтандыруға мүмкіндік береді.

5. ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІНІҢ ЖҰМЫСЫ

2025-2026 оқу жылының қыркүйек айында жас ғалымдар кеңесі құрылды. Жас ғалымдар кеңесінің бекітілген іс-шара жоспарына сәйкес, 2025 жылдың 29 қыркүйегінде Туризм және меймандостық университетінің Дулат Исабеков

атындағы акт залында жас ғалымдар, докторанттар, магистранттар мен студенттерге арналған ашық семинар өткізілді. Семинардың негізгі тақырыбы – **«Ғылыми зерттеулерді жариялаудың методикалық негіздері: мақалалар мен монографиялар»**. Бұл іс-шараның басты мақсаты – жас зерттеушілердің ғылыми еңбектерін халықаралық стандарттарға сәйкес жариялауына бағыт-бағдар беру, ғылыми мақалалар мен монографиялар жазудың негізгі қағидаларын түсіндіру, сондай-ақ ғылыми жарияланымдардың сапасын арттыруға ықпал ету.

2025 жылдың 30 қазанда Туризм және меймандостық университетінің 303 аудиториясында жас ғалымдар, магистранттар мен студенттерге арналған ашық дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелдің негізгі тақырыбы – **«Цифрландыру дәуіріндегі қаржылық менеджмент: туризм саласындағы инновациялар мен қаржыландыру көздері»**. Бұл іс-шараның басты мақсаты – Цифрландыру дәуіріндегі қаржылық менеджмент: туризм саласындағы инновациялар мен қаржыландыру көздері» тақырыбында жас ғалымдар арасында пікір алмасу алаңын қалыптастыру, саланың қаржылық тетіктерін цифрлық трансформация жағдайында жетілдіру жөніндегі өзекті мәселелерді талқылау және ғылыми-практикалық ұсыныстар әзірлеу.

2025 жылдың 06 қаңтарында Тіл мектебінің ұйымдастырумен жас ғалымдар, докторанттар, магистранттар мен студенттерге арналған дөңгелек үстел өткізілді. Тақырыбы – **«Ғылыми мақала жазуда жасанды интеллектіні қолданудың қажеттілігі»**. Іс-шараның мақсаты – жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жазу барысында заманауи цифрлық технологияларды, соның ішінде жасанды интеллект құралдарын тиімді қолдану жолдарын талқылау болды.

6. 2025 ЖЫЛЫ ӨТКІЗІЛГЕН ҒЫЛЫМИ ІС-ШАРАЛАР

«Түркістан туризмінің дамуындағы ғылымның рөлі» атты 7-11 сәуір аралығында «Ғылыми қызметкерлер күніне арналған» Ғылым апталығы өтті. Аясында өткізілетін іс-шаралар жоспарына сәйкес Сәуір айының 7 күні «Ғылым қызметкерлері күніне» арналған «Түркістан туризмінің дамуында ғылымның рөлі» атты апталығының ашылу салтанаты болды.

Сонымен қатар, Туризмді дамытуға бағытталған үздік жобаларды анықтау және қолдау мақсатында ішкі гранттық қаржыландыру конкурсының комиссия отырысы өтті. Конкурсқа келіп түскен 3 жобаны жетекшілері комиссия алдында қорғап, комиссия шешімімен 2 жоба 2025 жылдың 2 маусымынан бастап жалпы сомасы 9 971 320 теңгеге қаржыландыруды ұсынды.

Ғылым апталығының ашылу салтанатын студенттерге арналған Open talk – «Ғылымды насихаттаушылар мен жетекші ғалымдардың сөз сөйлеулері жалғасын тапты. Турим мектебінің г.ғ.к, профессоры А.К. Құрбаниязов және Қонақжайлылық мектебінің э.ғ.д., профессоры Б.С. Мырзалиев білім алушыларға ғылым жолына келу жолдарын және ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы тәжірибелерімен бөлісті.

Сәуір айының 8 күні «Ғылым этикасы» – шектеулер мен моральды талқылау» атты студенттік дебат өтті. Жас пікірсайысшылар қоғамдағы маңызды мәселелерді қозғап, өз ойларын еркін әрі сенімді түрде жеткізді. Дебат барысында қатысушылардың логикасы, дәлелдері және шешендік өнері

ерекше бағаланды. Нәтижесінде, әділқазының шешімімен жеңімпаздар анықталып, қаржылай сыйлықтармен марапатталды:

1 орын – «Fuego» командасы: Барқыбек Камилла және Жақсылық Томирис IDT 24-01 тобының студенттері;

2 орын – «Айсезім» командасы: Шырынбек Сезім ХІТ 24-03 тобының және Серікова Айым IDT 24-01 тобының студенттері;

3 орын – «Ла-Пелликуола» командасы: Ерғали Қадыр IDT 24-01 тобының және Жангазинова Сания IDT 24-01 тобының студенті.

Сонымен қатар, Студенттердің білім мен ғылымға деген қызығушылығын арттыру мақсатында «Өз ойыңды білдір» атты Үздік эссе байқауы өтті. Бұл байқау – тек жазу жарысы емес, ой еркіндігінің шығармашылық алаңы болды. Студенттер қонақжайлылық саласындағы өз идеяларын эссе арқылы жеткізіп, ұлттық құндылықтарды заманауи көзқараспен ұштастырды. Әрбір эссе – ұлттық мәдениетке, дәстүр мен қонақжайлылыққа деген жаңаша көзқарастың көрінісі болды. Жеңімпаздарды дипломмен және ынталандыру сыйлықтарымен марапаттады.

Сәуір айының 9 күні Ғылым апталығы аясында Қонақжайлылық мектебінің оқытушысы Баймаганбетов Сабит Туленбаевич «Әлеуметтік ғылымдарда зерттеу әдістерін таңдау» тақырыбында ғылыми семинар өткізді. Ғылыми семинарға мектеп оқытушылары мен студенттер қатысты.

Сәуір айының 10 күні «Development of Tourism in Kazakhstan» студенттік ғылыми жобалар байқауы өтті. Байқауға Қазақстанда да, Түркістан облысында да туризм мен қонақ үй-мейрамхана бизнесін дамытудың түрлі мәселелеріне арналған 13 студенттік жоба ұсынылды. Комиссия құрамының шешімімен Балтабай Жаннұр және Сәрсенбай Аяулым «Sustainable tourism through coffee waste recycling: a case study in Turkestan» атты жобасы 1 орын, Аят Ақмарал «Қазақстандағы этно туризмнің даму болашағы» атты жобасы 2 орын, Сембек Медина «Ақылды (smart) туризм: цифрлық технологиялардың туристік индустрияға ықпалы» атты жобасы 3 орынға ие болып, дипломдармен және қаржылай сыйлықтармен марапатталды.

Қырғызстан мемлекетінің Қырғызстан Жастар қозғалысының төрағасы Бекназаров Ж.Б. және «Арыш» білім беру орталығының бас директоры Масалбеков Н.И. университет студенттерінің кездесуі өткізді. Жастардың білім мен ғылымға негізделген жобаларымен бөлісіп, студенттердің сұрақтарына жауап берді.

Сәуір айының 11 күні «Ұлттық мүдде және мемлекетшілдік сабақтары: Жұмабек Тәшеневтің мұрасы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның салтанатты ашылуы өтті. Аталған ауқымды жиын — көрнекті мемлекет қайраткері Жұмабек Ахметұлы Тәшеневтің 110 жылдық мерейтойына арналған. Конференцияның басты мақсаты – қайраткердің тарихи мұрасын жан-жақты зерттеп, оның Қазақстан тарихындағы рөлін терең түсіндіру, жаңа ғылыми ізденістер мен зерттеулерге жол ашу. Конференция жұмысына Қазақстан мен шетелдің жетекші ғалымдары, мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйым өкілдері, қоғам қайраткерлері және жас зерттеушілер арнайы қатысты. Ғылыми-теориялық конференция пленарлық отырыстар мен мазмұнды панельдік сессиялар форматында жалғасын тапты. Конференция материалдарын ІІІ томдық жинақта Университет сайтында жарияланды.

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Менеджмент және туризм кафедрасының меңгерушісі, PhD Құралбаев Алмас Ахметқарімұлының қатысуымен «Түркістан облысының туризм саласын дамыту» атты форсайт-сессиясы өтті. Форсайт-сессия барысында Туризм саласы мен білім беру ұйымдарының өзара ықпалдастығы, аймақтық туризмді дамытудың басым бағыттары және туризм саласындағы өзекті мәселелері талқыланды.

Қазан айында АР23490104 «Түркістан облысындағы діни туризм нысандарының ақпараттық әлеуетін зерделеу: 4 тілде мультимедиялық интерактивті атлас әзірлеу» (жоба жетекшісі – А.Ж. Малдыбек) жоба аясында ғылыми семинар өткізілді. Іс-шарада жоба орындаушысы, т.ғ.к., ясауитанушы Жандарбек З.З. – «Түркістан өңіріндегі әулиелі жерлердің мәдени және рухани сабақтастығы» және PhD, қауымдастырылған профессор Сиздиқов Б. – «Түркістан қаласының өткені, бүгіні және ертеңі (тарихи және археологиялық деректер негізінде)» тақырыптарында мазмұнды баяндамалар жасады. Семинар барысында Түркістанның рухани-мәдени кеңістігіндегі тарихи және мәдени ескерткіштерге қатысты ғылыми деректер мен еңбектер кешенді түрде талқыланды.

7. ЖОСПАР

- Ғылыми-зерттеу инфрақұрылымын нығайту және халықаралық ғылыми кооперацияны дамыту
- Жарияланымдық белсенділіктің сапасын арттыру
- Пәнаралық ғылыми жобаларды дамыту
- Жас зерттеушілерді тарту және дарынды жастарды ғылыми-білім беру тұрғысынан қолдау
- Ғылыми нәтижелерді коммерцияландыру және индустриямен өзара іс-қимыл жасау

Академиялық және ғылыми істер
жөніндегі вице ректор



Л.И. Шалабаева